

Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

www.philips.com/welcome

Сұрағыңыз
бар ма? Philips
компаниясына
хабарласыңыз

HMP2500T



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Қауіпсіздік және ескерту	3
Қауіпсіздік	3
Сәйкестік	4
Қоршаған ортаны күту	5
Авторлық құқықтары	5
Кепілдік	6
Өнімде көрсетілген тауар белгісі	6
<hr/>	
2 Жалпы шолу	7
Негізгі бөлік	7
Қашықтан басқару пульті	8
<hr/>	
3 Жұмысты бастау	11
Қосу	11
Қосу немесе сөндіру	12
<hr/>	
4 DVB қызметтерінен ойнату	14
Алғашқы орнату	14
ТД/радио қызметтеріне реттеу	15
Электрондық бағдарламалар кестесін (EPG) пайдалану	19
Жеке бейне жазу құралын (PVR) пайдалану	20
<hr/>	
5 USB жад құрылғысынан ойнату	23

6	Орнату	25
	Бағдарлама	25
	Сурет	26
	Арнаны іздеу	26
	Уақыт	26
	Талғам	26
	Жүйе	27
	USB	27

7	Микробағдарламаны USB сақтау құрылғысы арқылы жаңарту	29
----------	--	----

8	Техникалық сипаттамасы	30
----------	-------------------------------	----

1 Қауіпсіздік және ескерту

Өнімді қолданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алған жөн. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаса, кепілдік қолданылмайды.

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін корпусты алып тастамаңыз.



«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады.

АБАЙЛАҢЫЗ! От немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және оның үстіне вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар қойылмауы тиіс.

ЕСКЕРТУ! Ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсельді толығымен кіргізіңіз. (Полярлы штепсельдері бар аймақтар үшін: ток соғу қаупінің алдын алу үшін штепсель мен саңылаудың жалпақ жақтарын сәйкес келтіріңіз.)

Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.

Өнімге сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

Өнімнің үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

Өнімге жасалған модификация зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.



Абайлаңыз

- Өнімнің сыртқы қабатын алуға болмайды.
- Бұл өнімнің ешбір бөлігін майлауға болмайды.
- Өнімді басқа электр құрылғыларының үстіне қоюға тыйым салынған.
- Бұл өнімді күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаныңыз.
- Өнімді қуат көзінен ажырату үшін қуат сымна, штепсельге немесе адаптерге әрдайым оңай қол жетуін қамтамасыз етіңіз.
- Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Сәйкестік



Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай.

II сыныпты жабдық таңбасы:



Бұл таңба осы өнімде екі еселік оқшауланған жүйенің бар екендігін көрсетеді. WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында орналасқан.

Қоршаған ортаны күту

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқысқа лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.

Жергілікті ережелерді сақтап, ескірген бұйымдарды әдепкі қоқысқа қоспай, жеке лақтыруыңызды өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізуден сақтайды.

Авторлық құқықтары



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

Кепілдік

- Өнімді жөндеуге әрекеттенуші болмаңыз, бұл жарақат алу, өнімді зақымдау қаупін тудыруы мүмкін және кепілдікті жарамсыз етеді.
- Өнім мен қосалқы құралдарды өндіруші көрсеткен мақсаттарға ғана пайдаланыңыз. Өнімнің артқы жағында басылған сақтандыру белгісі электр тогының соғу қаупін көрсетеді.
- Өнімнің орауын ешқашан алмаңыз. Қызмет көрсету немесе жөндеу жұмыстары үшін әрдайым тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Осы нұсқаулықта нақты тыйым салынған кез келген әрекет немесе осы нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат берілмеген реттеу немесе жинау процедуралары кепілдікті жарамсыз етеді.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі

Philips және Philips Shield Emblem — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және оларды WOOX Innovations Limited компаниясы Koninklijke Philips N.V. компаниясынан алған лицензия бойынша пайдаланады.



HDMI, and HDMI logo and High-Definition Multimedia Interface are trademarks or registered trademarks of HDMI licensing LLC in the United States and other countries.



Manufactured under license from Dolby Laboratories.
"Dolby" and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.




USB-IF логотиптері — Universal Serial Bus Implementers Forum, Inc корпорациясының сауда белгілері.

2 Жалпы шолу







HMP2500T арқылы анықтығы жоғары ТД-да (HDTV) мына әрекеттерді орындай аласыз:

- Ең соңғы сандық бейне тарату (DVB-T2) қызметтерінен сандық ТД/радио бағдарламаларын қабылдау;
- Бағдарламаларды көруді, тыңдауды немесе жазуды жоспарлау;
- USB құрылғысында сақталған мультимедианы ойнату.

Негізгі бөлік



- ① **MAINS ~**
 - АТ қуат сымы
- ② **L / R**
 - Дыбысты шығаруға арналған коннекторлар
- ③ **Pr / Pb / Y**
 - Компоненттік бейне шығаруға арналған коннекторлар
- ④ **VIDEO**
 - Бейнені шығаруға арналған коннектор
- ⑤ **HDMI**
 - Дыбыс/бейне шығысына арналған HDMI коннекторы
- ⑥ **RF LOOP THROUGH**
 - Сыртқы ТД антеннасына арналған шығыс коннекторы
- ⑦ **RF IN**
 - Сыртқы ТД антеннасына арналған кіріс коннекторы

- 8  • Мультимедианы ойнатуға және USB жад құрылғысын зарядтауға арналған USB коннекторы
- 9 **Күйді көрсету**
- 10  • Қосу үшін түймені басыңыз; өшіру үшін түймені үш секундтан көбірек басып тұрыңыз.
CH+/CH- /  + /  -
- Параметрлер тізімінде жылжу
OK
- Параметрді таңдау
CH+/CH-
- **DVB:** келесі немесе алдыңғы қызметті таңдау
 + /  -
- Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету
- 11 **Қуат көрсеткіші**
-

Қашықтан басқару пульті

HMP2500T құрылғысын қосу немесе күту режиміне ауысу

-  түймесін басыңыз.

ТД ажыратымдылықтарын таңдау

- **TV MODE** түймесін қайта-қайта басыңыз

Мультимедиа көздерін таңдау

TV / RADIO

- **TV** (ТД) және **Radio** (Радио) режимдері арасында ауысу үшін, түймені қайта-қайта басыңыз

USB

- **USB** режиміне ауысу

Опцияларда жылжу

- Опцияларда жылжу

OK

- Опцияны растау


 / EXIT

- Шығу



- **USB:** бір деңгей артқа

ТД/радио қызметін таңдау



- Келесі немесе алдыңғы арнаға ауысу

0-9

- Арна нөмірлерін енгізуге арналған сандық пернелер

EPG (Электрондық бағдарламалар кестесі)

- Барлық ТД/радио бағдарламаларының тізімі
- Көру/тыңдау кестесін жасау

FAV

- Таңдаулы қызметтер тізіміне қол жеткізу

PVR (жеке бейне жазу құралын) пайдалану

LIST

- Жазылған бағдарламаларға қол жеткізу

REC

- Ағымдағы бағдарламаны жазу



- Көру/тыңдау/жазу кестесіндегі бағдарламаларға қол жеткізу

Мультимедиалық файлдарды ойнату



- Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру



- Ойнатуды тоқтату



- Алдыңғы немесе келесі мультимедиалық файлға өту



- Ағымдағы файл ішінде артқа немесе алға қарай іздеу
- Іздеу жылдамдығын таңдау үшін қайта-қайта басыңыз.

GOTO

- Мультимедиа ойнату үшін, уақыт нүктесіне өту

Қызыл/жасыл түймелер

- Фотосуретті бұру



- **USB:** кескінді үлкейту немесе кішірейту
- **TV:** кадр пішімі параметрлерін таңдау

REPEAT

- Қайталау параметрлерін таңдау

INFO

- Ойнату барысында ағымдағы файл туралы ақпаратты көрсету

SUBTITLE

- Субтитр опцияларын ашу

AUDIO

- Дыбыс тілдерінің опцияларын ашу
- Дыбыс жолдарының опцияларын ашу

TTX

- **TV/Radio** (ТД/Радио): телемәтінді қосу немесе өшіру

Дыбыс деңгейін өзгерту



- Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету




- Дыбысты өшіру/дыбысты қосу

Реттеу параметрлерін таңдау

- **SETUP** түймесін басыңыз.


3 Жұмысты бастау

Қосу




- 1 НМР2500Т құрылғысын HDMI кабелі арқылы анықтығы жоғары теледидарға (HDTV) қосыңыз.
- 2 ТД антенна кабелін (жинақта жоқ) RF IN ұяшығына жалғаңыз.
- 3 Қуат сымын қуат көзіне қосыңыз.

Теледидарды AV кабельдері арқылы қосу
Дыбыс/бейне кабельдері (жинақта жоқ):






Компоненттік бейне кабельдері (жинақта жоқ):





- Ашалар мен розеткалардың түстері сәйкес келетінін тексеріңіз.



Қосу немесе сөндіру

- 1 **HMP2500T** құрылғысында қосу үшін қашықтан басқару құралындағы  түймесін басыңыз.
 - Не болмаса, негізгі құрылғыда  түймесін басыңыз.




- 2 Теледидарда **HMP2500T** құрылғысының кіріс көзіне ауысыңыз:
 - **HMP2500T** құрылғысының кіріс көзін таңдау үшін, теледидардың қашықтан басқару құралында сигнал көзі түймесін пайдаланыңыз.



- 3** **HMP2500T** құрылғысын күту режиміне ауыстыру үшін қашықтан басқару құралында қайтадан  түймесін басыңыз.
- ↳ Қуат көрсеткіші қызыл болып жанады.
- Не болмаса, өшіру үшін негізгі құрылғыда  түймесін үш секундтан артық басып тұрыңыз.

Авто күту режимі




Егер **HMP2500T** құрылғысында үш сағат бойы түйме басылмаса немесе мультимедиа ойнатылмаса, **HMP2500T** қуатты үнемдеу үшін күту режиміне автоматты түрде ауысуы мүмкін.

Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз. **[Auto Standby]** режимін қосу үшін  тармағына өтіңіз.

4 DVB қызметтерінен ойнату

Алғашқы орнату


Алғаш рет **HMP2500T** құрылғысын пайдаланғанда келесі орнату әрекеттерін орындаңыз:

Installation Guide	
OSD Language	◀ English ▶
Country	England
Channel Search	
 EXIT	 Confirm 

- 1 [OSD Language] тармағында экрандық мәзірлердің тілін таңдаңыз.
- 2 [Country] тармағындағы ағымдағы орынның елін таңдаңыз.
- 3 [Channel Search] тармағында автоматты іздеуді бастау үшін, ► немесе OK түймесін басыңыз.
 - ↳ **HMP2500T** қол жетімді қызметтерді іздеуді бастайды.
 - ↳ Автоматты іздеу аяқталғанда бірінші ТД қызметі ойнатыла бастайды.

Автоматты іздеу

Жаңа орынға көшкен кезде (мысалы, жаңа қала немесе ел), жақсырақ қабылдау үшін автоматты іздеу параметрін қайта іске қосыңыз.

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
- 2  тармағына өтіп, [Auto Search] пәрменін таңдаңыз.
 - ↳ **HMP2500T** қол жетімді қызметтерді іздеуді бастайды.
 - ↳ Автоматты іздеу аяқталғанда бірінші ТД қызметі ойнатыла бастайды.

Қолмен іздеу

Қызметтерді арна нөмірі немесе жиілік арқылы іздеуге болады.

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
- 2  тармағына өтіп, **[Manual Search]** пәрменін таңдаңыз.

ТД/радио қызметтеріне реттеу

- 1 **HMP2500T** құрылғысында ТД немесе радио режиміне ауысыңыз.
 - Қашықтан басқару құралында **TV / RADIO** түймесін қайталап басыңыз.
 - ↳ Соңғы ойнатылған қызметке ауысасыз.

- 2 **Қызметке арна бойынша реттеу**
 - **▲ (CH+)** / **▼ (CH-)** түймесін басыңыз немесе
 - **0-9** сандық пернелерін пайдаланып арна нөмірлерін енгізіңіз.

Қызмет туралы ақпарат бойынша қызметке реттеу

- **EPG** түймесін басыңыз. Қызметтер арасында ауысу үшін, **◀▶** түймесін басыңыз.

Таңдаулы қызметтерге реттеу

- **FAV** түймесін басыңыз.


Қызметтер тізімінен таңдау

- 1 **TV (ТД)** немесе **Radio (Радио)** режимінде **EPG** түймесін басыңыз.
↳ Қол жетімді ТД/радио қызметтерінің тізімінен таңдауға болады.
- 2 Қызметтер арасында ауысу үшін, **◀▶** түймесін басыңыз.

EPG ішінде қызметтерді сұрыптау

Қызметтерді қажет кезде көрсету үшін, қызметтерді әр түрлі жолдармен сұрыптауға болады.

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.




- 2 **[Sort]** тармағын таңдаңыз, онда мынадай параметрлер бар:
 - [By LCN]:** қызметтер логикалық арна нөмірі (LCN) бойынша сұрыпталады.
 - [By ONID]:** қызметтер бастапқы желілік идентификатор (ONID) арқылы сұрыпталады.
 - [By Service Name]:** қызметтер қызмет атауы бойынша сұрыпталады.
 - [By Service ID]:** қызметтер қызмет идентификаторы бойынша сұрыпталады.
- 3 Параметрлер арасында ауысу үшін, ◀▶ түймесін басыңыз.

Таңдаулылар тізімін жасау

Қашықтан басқару құралында **FAV** түймесін басыңыз. Таңдаулылар тізіміне қосқан қызметтерді аша аласыз.

Қызметті қосу/жою үшін

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
- 2 **[Program Edit]** тармақтарын таңдаңыз.
 - Құпия сөзді енгізіңіз (әдепкі бойынша — 000000).
 - ↳ Қызметтер тізімі көрсетіледі.





- 3 Қызметті қосу
- Қызметті таңдаңыз. **FAV** түймесін басыңыз.
 - ↳ Бағдарлама түрін таңдауға арналған қалқымалы экран көрсетіледі.
 - ↳ Қызметтің жанына таңдаулы белгішесі қосылады.

- 4 Қызметті жою
- Қызметті таңдаңыз. Қайтадан **FAV** түймесін басыңыз.
 - ↳ Таңдаулы белгішесі жойылады.

Таңдаулы қызметті ашу


- 1 Қашықтан басқару құралында **FAV** түймесін басыңыз.
 - ↳ Қызметті таңдауға арналған қалқымалы экран көрсетіледі.
- 2 Бағдарлама түрлерінің арасында ауысу үшін, ◀▶ түймесін басыңыз.
- 3 Қызметті таңдау үшін, ▲▼◀▶ және OK түймелерін басыңыз.


Арна нөмірлерін қайта тағайындау

- 1 Логикалық арна нөмірін (LCN) өшіріңіз.
- ① Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
 - ②  > LCN тармағында ◀▶ түймесін басып, [Off] күйін таңдаңыз.
- 2 Қызметті белгілеу қажет арна нөміріне жылжытыңыз:
- ①  > [Program Edit] тармағында қызметті таңдаңыз.
Құпия сөзді енгізіңіз (әдепкі бойынша — 000000).
 - ② Қашықтан басқару құралында қызыл түймені басыңыз.
 - ↳ Қызметтің жанына жылжыту белгішесі қосылады.
 - ③ Қызметті жылжыту үшін, ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
 - ④ Жылжытуды тоқтату үшін, қызыл түймені қайтадан басыңыз.
 - ↳ Жылжыту белгішесі жойылады.

Бағдарламалар тізімін өңдеу

Бағдарламалар тізімін өңдеу арқылы қызметтерді құлыптауға, қызметтерді өткізіп жіберуге немесе қызмет атауын өзгертуге болады.

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
- 2  > **[Program Edit]** тармақтарын таңдаңыз.
 - Құпия сөзді енгізіңіз (әдепкі бойынша — 000000).
 - ↳ Қызметтер тізімі көрсетіледі.
 - ↳ Бағдарламалар тізімін қажет түрде өңдеуге болады.



Қызметті құлыптау

Кейбір қызметтер үшін құпия сөзді орнатуға болады.

- 1 Қызметті таңдаңыз.
- 2 Қызметті құлыптау:
 - Қашықтан басқару құралында сары түймені басыңыз.
 - ↳ Қызметтің жанына құлыптау белгішесі қосылады.
 - ↳ Құлыпталған қызметті көру үшін құпия сөзді енгізіңіз (әдепкі бойынша — 000000).
- 3 Қызметтің құлпын ашу үшін:
 - Қызметті таңдаңыз. Сары түймені қайтадан басыңыз.


Электрондық бағдарламалар кестесін (EPG) пайдалану

Электрондық бағдарламалар кестесі (EPG) көмегімен ағымдағы және келе жатқан бағдарламалар туралы кіріспе және кестелер сияқты ақпаратты алуға болады.


Көру/тыңдау кестесін жасау

EPG көмегімен көргіңіз немесе тыңдағыңыз келетін ТД/радио бағдарламаларының кестесін жасауға болады

- 1 EPG ішіне өтіңіз.
 - Қашықтан басқару құралында **EPG** түймесін басыңыз.
 - Не болмаса, **SETUP** түймесін басыңыз да, **EPG** > EPG тармағын таңдаңыз.
- 2 Бағдарламаны таңдау:
 - ① Қызметті таңдау үшін, **◀▶** түймесін басыңыз.
 - ② Бағдарламалар арасында шарлау үшін, **▲ / ▼** түймесін басыңыз.




- 3 Таңдалған бағдарламада **OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Оқиға кестеге қосылады.
 - ↳ Оқиғаны өңдеу үшін қалқымалы экран көрсетіледі.



- 4** Оқиғаны өңдеу:
- [Repeat] ішінде: оқиғаны қайталау жиілігін таңдау (бір рет, күнделікті немесе апта сайын).
 - [Mode] ішінде: бағдарламаны көруді немесе жазып алуды таңдау.
 - ↳ Жоспарланған уақытта ойнату немесе жазып алу автоматты түрде басталады (ақылдасу 'Кесте бойынша жазып алу' бет 21).


Оқиғаны қосу, өңдеу немесе жою

- 1** Қашықтан басқару құралында  түймесін басыңыз.
 - ↳ Кесте көрсетіледі.
- 2** Таңдалған оқиғаны қосу, өңдеу немесе жою үшін қашықтан басқару құралында қызыл, жасыл немесе көк түймелерді басыңыз.


Жеке бейне жазу құралын (PVR) пайдалану

Жеке бейне жазу құралының (PVR) көмегімен жоспарланған уақытта бағдарламаны жазып алуға немесе көру барысында бағдарламаны жазып алуға болады.


Жазбалар **HMP2500T** құрылғысына жалғаған USB құрылғысына сақталады.






Кесте бойынша жазып алу

- 1 HMP2500T құрылғысында USB жад құрылғысын жалғаңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралында  түймесін басыңыз.
↳ Көру/тыңдау кестесі көрсетіледі.

Schedule				
Event	Program	Date	Time	Repeat Status
01	TV ONE	25/05	14:55-15:25	Once ●

Add Edit Delete EXIT 

- 3 Оқиғаны жазу режиміне ауыстыру
 - ① Оқиғаны өңдеу үшін, таңдалған оқиғада жасыл түймені басыңыз.
↳ Оқиғаны өңдеу үшін қалқымалы экран көрсетіледі.
 - ② [Mode] ішінде   түймесін басып, [Record] тармағына ауысыңыз.



Жазып алатын оқиғаны қосу үшін

- Қызыл түймені басыңыз. Қалқымалы экранда оқиғаны қосыңыз және **[Mode]** ішінде **[Record]** режимін таңдаңыз.
 ↳ Жоспарланған уақытта жазып алу басталады.

Көру/тыңдау барысында жазып алу


- 1 **HMP2500T** құрылғысында USB жад құрылғысын жалғаңыз.
- 2 Бағдарламаны көріп немесе тыңдап жатқанда қашықтан басқару құралында **REC** түймесін басыңыз.
 ↳ Ағымдағы бағдарлама жазыла бастайды.
- 3 Жазып алуды тоқтату үшін, **■/EXIT** түймесін басыңыз.

Жазып алынған бағдарламаларды ойнату


- 1 USB жад құрылғысын **HMP2500T** құрылғысына қосқаныңызды тексеріңіз.
- 2 Қашықтан басқару құралында **LIST** түймесін басыңыз.
 ↳ Жазбалар тізімі көрсетіледі.
- 3 Ойнатуды бастау үшін жазбаны таңдаңыз.

5 USB жад құрылғысынан ойнату

- 1 HMP2500T құрылғысында USB жад құрылғысын жалғаңыз.



- 2 USB режиміне ауысыңыз.
 - Қашықтан басқару құралында **USB** түймесін басыңыз.
- 3 Ойнатуды бастау үшін, файлды таңдаңыз:




- 1 Басты экранда қалталар тізіміне өту үшін белгішені таңдаңыз.
 - 2 Қалтаға өтіп, ойнатуды бастау үшін файлды таңдаңыз.
Жазбаларды табу үшін **PVR** тармағына өтіңіз.
 - 3 Жоғарырақ деңгейге өту үшін **↻** түймесін басыңыз.
- 4 Ойнату барысында ойнатуды басқару үшін, қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

- 5 Шығу үшін **USB** түймесін басыңыз, негізгі экранға оралу үшін **■/EXIT** түймесін қайта-қайта басыңыз. ТД/радио режиміне ауысу үшін **TV / RADIO** түймесін басыңыз.

6 Орнату

HMP2500T құрылғысының орнату опцияларын өзгертуге де болады.

- 1 Қашықтан басқару құралында **SETUP** түймесін басыңыз.
↳ Орнату мәзірі көрсетіледі.



- 2 Параметрді таңдау

- 1 Мәзірге ауысу үшін ◀▶ түймесін басыңыз: 📖 [Program], 🖼️ [Picture], 🔍 [Channel Search], ⌚ [Time], 💬 [Option], ⚙️ [System], 📶 USB.
- 2 Мәзір элементін таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз.
- 3 Параметрді таңдау үшін ◀▶ түймесін басыңыз.

- 3 Шығу үшін EXIT түймесін басыңыз.

Бағдарлама

[Program Edit]: қызметтер тізімін өңдеу. Қызметтердің ретін өзгертуге, қызмет атауларын өзгертуге және кейбір қызметтерді құлыптауға, өткізіп жіберуге және жоюға болады.

EPG: бағдарламалар туралы ақпаратты және кестелерді тексеру, әрі көру, тыңдау және жазып алу кестесін жасау

[Sort]: қызметтер тізімін басқа жолдармен сұрыптау (ақылдасу 'EPG ішінде қызметтерді сұрыптау' бет 15).

LCN: қызметтердің логикалық арна нөмірлерін қалдыру қажеттілігін таңдау. Қызметтерге арна нөмірлерін қайта белгілеу үшін **LCN** параметрін өшіріңіз.

Сурет

[**Aspect Ratio**]: дисплейдің кадр пішімін таңдау.

[**Resolution**]: теледидар қолдайтын бейне ажыратымдылығын таңдау.

Толығырақ ақпаратты теледидар нұсқаулығынан қараңыз.

[**TV Format**]: елдің теледидар түс жүйесін таңдау. Толығырақ ақпаратты теледидар нұсқаулығынан қараңыз.

Арнаны іздеу

[**Auto Search**]: қол жетімді ТД/радио қызметтерін автоматты іздеуді бастау.

[**Manual Search**]: ТД/радио қызметін қызмет атауы немесе жиілігі бойынша іздеу.

[**Country**]: ағымдағы орынның елін таңдау.

[**Antenna Power**]: қуат көзін (5 В, 75 мА) қажет ететін сыртқы антенна үшін

[**On (Қосулы)**] параметрін таңдаңыз.

Уақыт

[**Time Offset**]: ТД/радио қызметтерінің уақытын пайдалану үшін [**Auto**] пәрменін таңдаңыз. [**Time Zone**] ішінде уақыт белдеуін таңдау үшін [**Manual**] пәрменін таңдаңыз.

[**Country Region**]: ағымдағы орынның елін таңдау.

[**Time Zone**]: уақыт белдеуін таңдау үшін [**Time Offset**] ішінде [**Manual**] параметрін таңдаңыз.

[**Auto Standby**]: үш сағат бойы түйме басылмаса немесе мультимедиа ойнатылмаса, **HMP2500T** құрылғысын автоматты түрде өшіреді.

Талғам

[**OSD Language**]: экрандық мәзірлердің тілдерін таңдау.

[**Subtitle Language**]: субтитрлердің тілдерін таңдау.

[**Audio Language**]: дыбыстың тілдерін таңдау.

HDMI Audio: HDMI дыбыс шығару үшін параметрлерді таңдау. Егер дыбыс шығару үшін ТД динамиктерін пайдалансаңыз, [**PCM**] параметрін таңдаңыз. Егер кодсыздандыру үшін сыртқы күшейткіші пайдалансаңыз, [**RAW HDMI**]

[On] параметрін таңдаңыз. HDMI дыбысын шығаруды өшіру үшін [Off] параметрін таңдаңыз.

Жүйе

Ата-ана бақылауы

[Parental Guidance] ішінде жас шектеулері бар бағдарламалар үшін, құпия сөзді орнатуға болады. Әдепкі құпия сөз — 000000.

Сондай-ақ, кейбір қызметтерді **■** > [Program Edit] тармағында құлыптауға болады.

Құпия сөзді орнату

[Set Password] тармағында [Program Edit] және [Parental Guidance] ішінде пайдаланатын құпия сөзді орнатуға болады.

Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіру

[Restore Factory Default] тармағында HMP2500T құрылғысының зауыттық әдепкі параметрлерін қалпына келтіруге болады.

Ақпарат

[Information] тармағында HMP2500T туралы ақпаратты тексеруге болады. Микробағдарламаны жаңарту алдында HMP2500T құрылғысының ағымдағы нұсқасы туралы ақпаратты тексеріңіз.

USB

[Multimedia]: USB режиміне өту. USB шығып, басты экранға өту үшін **■** /EXIT түймесін қайта-қайта басыңыз. TV / RADIO түймесін басыңыз.

[Photo Configure]: слайдшоу үшін параметрлерді таңдау:

- [Slide Time]: екі слайд арасындағы уақыт аралығын таңдау.
- [Slide Mode]: екі слайдтың арасында өткізу режимін таңдау.

- **[Aspect Ratio]:** дисплейдің ағымдағы кадр пішімін сақтау үшін **[Keep]** параметрін таңдаңыз. Слайдтарды толық экранда ойнату үшін **[Discard]** параметрін таңдаңыз.

[Movie Configure]: фильм субтитрлері үшін параметрлерді таңдау:

- **[Subtitle Specific (Субтитрге қатысты)]:** қаріп өлшемін таңдау.
- **[Subtitle BG]:** фондық түсті таңдау.
- **[Subtitle FontColor]:** қаріп түсін таңдау.

[PVR Configure]: ТД/радио бағдарламаларын жазу үшін пайдаланатын жалғанған USB жад құрылғысы туралы ақпаратты тексеру:

- **[Record Device] > [Disk]:** құрылғының атауы
[Record Device] > [Timeshift Size]: ТД/радио бағдарламаларын жазып алу үшін, пайдалану керек жад өлшемін орнату. USB жад құрылғысында жеткілікті бос орын бар екенін тексеріңіз.
- **[Format]:** USB жад құрылғысындағы файлдық жүйе.

7 Микробағдарламаны USB сақтау құрылғысы арқылы жаңарту

1 Компьютерде мына әрекеттерді орындаңыз:

- ① Соңғы микробағдарламаны табу үшін www.philips.com/support торабына өтіңіз.
- ② Үлгіні іздеп, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.
- ③ Микробағдарлама жаңартуын жүктеп алып, USB сақтау құрылғысының түпкі каталогына файлды сақтаңыз.

2 HMP2500T құрылғысында мына әрекеттерді орындаңыз:

- ① USB сақтау құрылғысын жалғаңыз.
- ② Қашықтан басқару құралында SETUP түймесін басыңыз, одан кейін * [System] > [Software Update] > [USB Upgrade] тармағын таңдаңыз.
 - ↳ Микробағдарлама жаңартуы анықталса, жаңартуды бастау сұралады.
 - ↳ **HMP2500T** құрылғысы автоматты түрде қайта іске қосылады да, жаңарту басталады.

3 Жаңартуды аяқтау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- ↳ Жаңарту аяқталғанда **HMP2500T** құрылғысы автоматты түрде өшеді.



Ескерту

- Микробағдарлама жаңартуын бастамас бұрын **HMP2500T** құрылғысы қосулы және сақтау құрылғысы салынған болсын.

8 Техникалық сипаттамасы



Ескертпе

- Техникалық сипаттамасы және дизайны ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Айнымалы ток қуаты

Кернеу туралы ақпарат HMP2500T құрылғысының төменгі жағында көрсетілген.

Қуатты тұтыну 9 - 9,5 Вт

Күту режимінде қуатты тұтыну < 0,5 Вт

Қолданылатын пішімдер:

- Бейне: MPEG 1/2, H.264, MPEG 4, Xvid (1.00, 1.01, 1.03, 1.10-beta1/2), JPEG, DAT, MPG, MPEG, TS, TRP, TP, M2TS, VOB, MP4, MKV, AVI, DMF (0, 1, 2), Motion JPEG
- Дыбыс: Dolby Digital, MPEG Audio, AC3, EAC3, AAC, HEAAC, LPCM, IMP/MS ADPCM, LBR, MP3, M4A
- Сурет: JPEG, PNG, BMP

HDD және USB қолдауы

- NTFS, FAT32, FAT16
- USB MSC қолдау
- HDD: 1 ТБ дейін, USB 2.0; сыртқы қуат: 1,8" немесе 2,5" HDD үшін қажет емес

Субтитр қолдауы

- .srt, .sub, .smi, .ssa, idx+.sub

Бейне

- HDMI шығысы: 480i, 480p, 576i, 576p, 720p, 1080i, 1080p
- PAL ТД жүйесі үшін компоненттік бейне шығысы: 576i, 576p
NTSC ТД жүйесі үшін компоненттік бейне шығысы: 480i, 480p

Дыбыс

- Сигнал-шу қатынасы (1 кГц): > 90 дБ (А-өлшенген)
- Динамикалық ауқым (1 кГц): > 80 дБ (А-өлшенген)
- Жиілік жауабы: +/-1 дБ

Негізгі құрылғы

- Өлшемдер (Ұ x Е x Б): 180 x 113 x 45 мм
- Таза салмағы: 0,48 кг



Specifications are subject to change without notice

2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.

This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

HMP2500T_12_UM_V2.0

